

**BULLETIN OF NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

ISSN 1991-3494

Volume 3, Number 373 (2018), 301 – 306

T. B. Gafurbekov¹, A. K. Omarova², A. Zh.Kaztuganova³¹State Conservatory of Uzbekistan, Tashkent, Uzbekistan,²Kurmangazy Kazakh National Conservatory, Almaty, Kazakhstan,³Institute of Literature and Art named after M. Auezov, Almaty, Kazakhstan.

E-mail: aklima_omarova@mail.ru, zhasaganbergen@mail.ru

**THE MORAL IMPACT
OF NATIONAL MUSIC DURING GLOBALIZATION ERA**

Abstract. The article outlines the moral values of the national music in the global era, the samples of the tradition of traditional music, which form the basis of the spiritual heritage. Their ambiguous treatment during the Soviet period keeping the opportunity to influence outlook of growing up generation is shown and critically estimated. The review of ceremonial and genre arts as fundamentals of traditional music is given, the community of musical heritage of the Turkic-speaking people, including Kazakh and Uzbek is shown.

In the context of educational influence also such important component of national music as works of professional composers is presented. Including – operas “Kyz Zhibek” of E. Brusilovsky, “Abay” A. Zhubanov and L. Hamidi's, “Birzhan – Sara” M. Tulebayeva and others among with traditional values and also “Enlik – Kebek”, “28” G. Zhubanova, “Abylay the khan” E. Rakhmadiyeva in the context of their new and relevant impact on public consciousness.

At the same time, the measure of moral influence on society in the conditions of globalization of modern performers and poets of an aitys clears up. In this regard, the special ideological and educational value of the art of an aitys which is defined, first of all, with the scale of the creative talent competing and, secondly, his opportunities in respect of public relations and abilities to influence the development of society is emphasized.

Keywords: song, kuy, composer, the performer, opera, aitys (contention), ritual, tradition, globalization, moral.

ӨОЖ 78.03

Т. Б. Гафурбеков¹, А. Қ. Омарова², А. Ж. Қазтуғанова³¹Өзбекстан Республикасының Мемлекеттік консерваториясы, Ташкент, Өзбекстан,²Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы, Алматы, Қазақстан,³М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан**ЖАҒАНДЫҚ ДӘУІРДЕГІ
ҰЛТТЫҚ МУЗЫКАНЫҢ ТӘЛІМДІК ҰҚПАЛЫ**

Аннотация. Мақалада жағандық дәуірдегі ұлттық музыканың өнегелік құндылықтары, рухани мұраның негізін құрайтын дәстүрлі музыканың үлгілері белгіленген. Бұл шығармаларға Кеңес кезеңінде қалыптасқан теріс пікірлер қарастырылып, келешек ұрпақтың санасында кертартпа ой салу тарапы сынға алынған. Дәстүрлі музыканың негізінде ғұрыптық және тұрмыстық үлгілерге шолу жасалып, түркітілдес халықтарындағы музыкалық мұрамен сабақтасатындығы көрсетіледі, ішінара қазақ және өзбек музыкасындағы ұқсастық аңғарылған.

Ұлттық музыканың бір бөлігін құрайтын кәсіби-композиторлардың шығармашылығындағы тәрбиелік мәнге ие туындыларға көңіл бөлінген. Олардың ішінде, қазақ сахнасының жауһарларына айналған Е. Брусиловскийдің «Қыз Жібек», А. Жұбанов пен Л. Хамидидің «Абай», М. Төлебаевтың «Біржан-Сара» операларындағы және т.б. салт-дәстүр құндылықтарымен қатар, Ғ. Жұбанованың «Еңлік-Кебек», «28» опералары, Е. Рахмадиевтің «Абылай-хан» операларының өзіндік тәрбиелік мазмұнға тола көріністері бүгінгі қоғам

санасында жаңаша қабылдану және жаңаша саралау мәселелері белгіленген. Сонымен қатар, қазіргі кездегі дәстүрлі орындаушылар мен айтыскер акындардың жаһандық дәуірде қоғамға өнегелік әсері айқындалады. Бұл ретте, айтыс өнеріндегі тәрбиелік тарапы біріншіден акынның талантын шындайтын үлкен өнер жарысының өнегелік тұстарын жатқызса, екіншіден қоғамға үндеу салып, қоғамның санасын қалыптастыруға үлес қосатыны айқындалған.

Түйін сөздер: ән, күй, композитор, орындаушы, опера, айтыс, ғұрып, дәстүр, жаһандану, тәлім.

Кіріспе. Уақыттың күрделі күрт өзгерістері мен сырттан келіп жатқан заманауи озық жетістіктері кейде төл ұлттық құндылықтарымызды ұмыттыруға немесе оған көңіл бөлмей, алшақтауға мәжбүрлейді. Енді керісінше бүгінгі қарбаластан бас тартып, өзіміздің ұлттық музыкамызға көңіл аударған кезде, оның басқа да аспектілерін аңғара бастаймыз. Мәселен, ҚР Президенті Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды. Бұл – тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы» [1], – деген пікірі, бізге дейінгі өткен және қазіргі қоғамның ұлттық санасына әсер ететін қазақ музыкасындағы өнегелік құндылықтарды айқындауға жетеледі. Осы мәселенің негізінде ұлттық мұрамызды саралап, халықтық және композиторлық шығармалардың қоғамдағы прагматикалық сипаттарын табу, қазіргі кезеңде **өзекті** мәселелердің бірі болып табылады. Соның негізінде мақалада өнегелік-рухани құндылықтарды құрайтын ұлттық музыканың тәрбиелік ықпалын ән және күй дәстүрлерінен, кәсіби композиторлық шығармашылық пен орындаушылық өнерден айқындалып, оларға жалпылама тоқталып, келешектегі ғылыми ізденістердің бағытын белгілейміз.

Әдістер. Тақырыпты зерттеу барысында тарихи-теориялық, сараптамалық-тәжірибелік талдаудың жаңашыл **әдістері** қолданылады. Сонымен бірге жүйелілік-құрылымдық, жинақтау, ғылыми кешенді жүйелеу, хронологиялық, музыкалық-теориялық талдау әдістері пайдаланылады. Қазақ музыкасы туралы жазылған отандық музыкатанушылары А.Затаевич [2], А.Жұбанов [3], Б.Ерзакович [4], Б.Аманов пен А.Мұхамбетова [5] және т.б. қалыптастырған тарихи-теориялық талдаулары негізге алынады. Ғылыми-зерттеуді жүзеге асыру кезінде қазақтың дүниетанымы, менталитеті, тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы және өнері туралы жазған филолог ғалымдардың зерттемелеріне назар аударылады. Соған байланысты А.Байтұрсыновтың [7], М.Жұмабаевтың [7], М.Әуезовтың [8], С.Қасқабасовтың [9], У.Қалижановтың [10] құнды еңбектерін атап өтеміз.

Музыканың тәрбиелік мәнін анықтау мақсатында әлемде жүргізілген алдыңғы ғылыми зерттеулердің негізін салған Т.Адорно [11], М.Баррет [12], А.Бергесен [13], Т.Дауд [14] және т.б. музыканы әлеуметтік тұрғыда қарастырып, қоғамға әсері туралы зерттеулері назарға алынады. Шетел авторларының еңбектерінде жалпы музыканың тәрбиелік мәніне байланысты айтылғандығы аңғарылады. Мәселен, венгр композиторы З.Кодай [15] мен неміс педагог-композитор К.Орфтың [16] адам бойындағы – өнегелік, қайырымдылық, түсіністік деген құндылықтар музыка арқылы қалыптасатынын көрсеткен.

Сондай-ақ, жалпы музыканың тәрбиелік мәнін зерттеу барысында Ресей ғалымдарының іргелі зерттемелері назарға алынып, тақырыппен байланысы қарастырылады. Себебі, оның ішінде музыканың өнегелік қалыптастыру мәселесі музыкатану, музыкалық педагогика және психология тарапындағы зерттемелерде көрінеді. Мысалы, Б.В.Асафьев [17], Р.Л.Закс [18], Д.Б.Кабалевский [19], М.Каган [20], В.В.Медушевский [21] және т.б. еңбектері ұсынылған тақырыпқа негіз бола алады. Мәселен, орыс және классикалық музыканы қарастыру барысында «Классическая музыка представляет собой накопленное богатство культурно-духовной жизни европейского и российского общества XVII-XIX веков в неразрывной связи с историческими и культурными процессами. Важным социокультурным аспектом классической музыки является ее духовно-нравственный потенциал, включающий смысло-жизненные, общечеловеческие, личностно-развивающие, либеральные, традиционные, конфессиональные ценности...» [22, 8], – деген жолдар кездеседі. Әрине әлемдік деңгейде музыканың тәрбиелік мәні қазақтың музыкасына дәлме-дәл ұқсас болмағанымен, жақын келетін тұстары кездеседі.

Зерттеме. Қазақ музыка мәдениетіндегі бұрын-соңды арнайы зерттеу нысанына алынбаған өнегелік-рухани құндылықтарды діни мақамдардан, терме, толғау, жыр, дастан, өсиет және т.б. ән

дәстүрі мен аспапты өнердегі тәрбиелік-тәлімдік күйлерден, кәсіби композитор шығармашылығындағы симфониялық, кантаталық, ораториялық, опералық жанрлардан айқындалып, әлеуметтік, қоғамдық, этикалық, рухтық, эстетикалық, гуманистік категориялар тарапынан анықтауға болады.

Ғибратты әндер туралы Кеңес кезеңінде кертартпа пікірлердің қалыптасқанын келесі жолдардан көруге болады: «Содержание поучительных песен составляют вопросы морали, общественной и семейной жизни казахов. В дореволюционное время, в условиях почти поголовной неграмотности населения поучительные песни оказывали громадное воздействие на формирование психического и духовного облика людей. Этим широко пользовались приверженцы господствующей тогда феодально-байской идеологии. Байские певцы и акыны засоряли поучительные песни религиозными изречениями корана, восхвалениями выгодных для эксплуататоров обычаев и традиций, идеализировали кочевой образ жизни» [15, 26]. Мұндай пікірлер келешек ұрпақтың және жалпы қоғамның дүниетанымына өнегелік-рухани құндылықтар туралы теріс ой салады.

Ұлттық мұраға айналған ғұрыптық, тұрмыстық, еңбек әндерінен өнегелік үлгілерді кеңінен кездестіруге болады. Мәселен, үйлену сатындағы «Той бастар», «Жар-жар», «Сыңсу», «Арыз өлең», әсіресе «Беташар» әндерінің, жерлеу ғұрыпындағы «Естірту», «Жоқтау», «Жұбату», «Зар», «Дауыс», «Көңіл айту» әндерінің тәрбиелік қырларын белгілеуге болады. Фольклорлық үлгілердің арасында «Беташарлардың» тәрбиелік мазмұны айқын беріледі. Оны беташарлардың мәтінінде жаңа түскен келінге арналатын өсиет айтылып, келешекте атқаратын міндеті ескерілетіні мазмұндалған. Дәлелдеме ретінде «Қазақ музыкасы» антологисынан үлгі келтіріп өтейік:

БЕТАШАР (II)

Асықпай $\text{♩} = 70$

Оу! А - ғы - та - йын са - рын - ды, І - шің - де - гі
за - рын - ды. Сый - лап а - та, е - нең - ді, Құр - мет - теп күш - ті
жа - рын - ды. Ту - ған соң қыз - ды ү - зат - қан, Бұ - рын - нан үл - гі
қа - лын - ды. Ке - лін - шек бо - лып бұр - ке - ніп, Ба - сы - ңа же - лек са - лын - ды.

Мұнда жас келін қандай болуы керектігі туралы әдептілік нормалары, еңбекқолық талпынысы, өнегелік тізбегі, адамгершілік қасиеттері, үлкен мен кішіге ізеттілігі, аналардың қоғам тәрбиесіндегі айрықша орны көрініс тапқан. Осы ретте түркітілдес халықтарының үйлену ғұрыпында кездесетін әндердің тәрбиелік мәні бір-бірімен ұқсастықты танытады. Мәселен, қазақтың «Беташар» үлгісінің өнегелік құндылығы өзбек музыкасындағы «Келин салом» әнімен жанасады.

Келин салом

Ма - ка Ма - ді - ні бұ - ді - ді жой на - мо - ңи құ - ді - ді
са - лом, са - лом ыр - ыр же - лін са - лом ыр - ыр

Сондай-ақ тұрмыстық әндерге жататын, балалар фольклорына байланысты туындаған «Бесік жыры», «Тұсау кесу жыры», «Санамақ», «Әліп-би», «Жұмбақ», «Өтірік өлең», «Талапкер» үлгілеріндегі ақыл қосатын тұстары көрінеді. Өнертану докторы Б.Ерзакович «Талапкер» әні туралы: «Поучительных сентенций полна песня «Талапкер» («Стремящий вперед»). В ней содержится целый кодекс житейских представлений о том, что нужно для счастливой жизни человека. В ней есть эпикурейское отношение к жизни, одобрительное отношение к беспечному времяпрепровождению людей типа *сере*» [4, 30 б.] – деген.

Қазақ музыкасындағы өнегелік құндылықтардың әлеуметтік-қоғамдық тараптан (мүшел жас, үлкен-кіші, бай мен кедей, табиғат, махаббат, адамзат), этикалық (әдептілік пен сыпайылық өнегесі көрсетілетін – қонақ асы, үлкенге құрмет, кішіге ізет, туыстық), эстетикалық («шынайылыққа», «қайырымдылыққа», «сұлулыққа»), педагогикалық (ұстаз бен шәкірт) тарапынан қарастырғанда көркемдік-мазмұндық және қарам-қатынас мәселелерден де аңғаруға болады.

Дәстүрлі өнердегі кәсіби-композиторлық шығармашылықтың дамыған кезеңі ХІХ ғасырға келді. Бұл кезеңнің зерттелуін қазақтың өнертану саласындағы тұңғыш әрі жалғыз академигі А.Жұбанов еңбектерінен көруге болады. Көшпенді жұрттың майталман өнерпаздары Біржансал, Ақансері, Жаяу Мұса, Мұхит, Балуан Шолақ, Әсет, Мәди, Естай, Абай мен Шәкәрімнің әндерін, Абыл, Махамбет, Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет, Есір, Қазанғап, Дина, Сүгір күйшілердің өнегелік-рухани құндылықтарының өздері өмір сүрген қоғамға және қазіргі кезеңдегі қоғамға тигізген ықпалын, ұлттық санаға әсері бүгінгі ұрпақтың санасына ой салады. Аспапты музыкада кең таралған ғұрыптық күйлер – «Қыз алып қашқан», «Делдал қыз», «Кербез қыз», «Келіншектің зары», «Хан жұбату», «Жұбату» және т.б., тарихи күйлер – Махамбеттің Исатайға арнаған «Исатайдың Ақтабаны-ай», «Арысымнан айырылдым», «Жорық», «Жұмыр-Қылыш» күйлері, осы кезеңде өмір кешкен даңқты күйші Құрманғазының «Төремұрат», «Ақбай», «Кішкентай» күйлері және т.б. күйшілердің туындылары және тәуелсіздік кезеңдегі тұлғалардың шығармашылығы (Н.Тілендиев, Қ.Ахмедияров, С.Жампейісова, Б.Жүсіпов, Б.Тілеухан және т.б.) өскен ұрпақты танымдық тұрғыдан қалыптастыруда маңызы зор.

Жаһандық дәуірдегі қазақ музыкасына қарапайым әннен бастап операға дейінгі, күйден бастап симфонияға дейінгі аралықты қамтитын музыкалық туындылар кіреді. ХХ ғасыр еліміздің музыка тарихында жаңа болып саналатын опера, симфония, камералы-аспапты және вокалды, кантата, оратория жанрларының жазылуымен ерекшеленді. Отызыншы жылдары еуропа жазба кәсіби музыкасы дәстүрінде қазақтың композиторлық мектебін құрған композиторлар мен олардың шәкірттері творчествосы осы әрдайым маңыздылығын жоғалтпаған өнегелік-рухани құндылықтарға негізделі отырып дамыды. Жазба кәсіби музыкасының негізін салған Е.Брусиловскийдің, А.Жұбановтың, Л.Хамидидің, М.Төлебаевтың, Қ.Қужамьяровтың, Б.Байқадамовтың, С.Мұхамеджановтың, Ғ.Жұбанованың, Е.Рахмадиевтың опералары, симфониялары, кантаталары, ораториялары және т.б. күрделі сахналық жанрларына көне рухани құндылықтар арқау болды. Мәселен, қазақ сахнасының жауһар туындыларына айналған Е.Брусиловскийдің «Қыз Жібек», А.Жұбанов пен Л.Хамидидің «Абай», М.Төлебаевтың «Біржан-Сара» операларындағы және т.б. салт-дәстүр құндылықтарымен қатар, өзіндік тәрбиелік мазмұнға тола көріністерді бүгінгі қоғам жаңаша қабылдайды. Қазақ жазба кәсіби композиторларының шығармашылық бағыты айқындалып, білім мен тәжірибесі, музыка жазудың әдіс-тәсілдерін меңгеруде толысқан кезеңінде ұлттық музыка тілінің байлығын дәлелдей түсетін Ғ.Жұбанованың «Еңлік-Кебек», «28» опералары мен «Жігер» симфониясының, Е.Рахмадиевтің «Алпамыс», «Абылай-хан» операларының, С.Мұхамеджановтың «Ғасырлар үні» ораториясының, Қ.Мусиннің «Жайлауда» симфониясының, Д.Ботбаевтың «Домалақ ана» операсының өнегелік қасиеті айқын аңғарылады. Қазақстан тәуелсіздік алған жылдарынан басталған ағабуын композиторлардың жолын жалғастырған М.Сағатов, Б.Баяхунов, М.Құсайынұлы, Б.Қыдырбек, В.Стригоцкий-Пак, С.Еркімбеков, А.Райымқұлова, С.Әбдінұров, А.Токсанбаев, Х.Сетеков болса, ал жас толқын композиторлардың қатарындағы Т.Андосов, О.Хромова, Ә.Әбдінұров, Б.Хасанғалиев, Ғ.Секеев өз туындыларында заман ағымына байланысты өнегелік-рухани құндылықтарды жаңа деңгейде жаңаша қарқынмен дамыта білді. Алдыңғы және соңғы аталған композиторлардың творчествосы мен шығармалары тақырып аясында жаңаша тараптардан қарастыру барысында сахналық көріністерден тәрбиелік мәнге ие – қоштасу, ант, түс жору, сүйінші сұрау, шашу және т.б. дәстүрден де аңғаруға болады. Халықтық және кәсіби авторлар шығарма-

шылығынан рухтық тықырыпта шығарылған «Туған жер», «Отан», «Қазақстан», «Көк байрақ» және т.б. ұлттық санаға әсер ету жолдарын айқындап, тәрбиелік мәні ерекше байқалады. Өткен ғасырдың жетпісінші, сексенінші жылдарынан белгілі күйші-композиторлар Н.Тілендиев, Қ.Ахмедияров, С.Жұмажанұлы, А.Жайымов, М.Құсайынұлы күйлеріндегі тәлімдік дәстүр мен ән өнеріндегі Ш.Қалдаяқов, С.Бәйтереков, Е.Хасанғалиев, Б.Оралұлының халыққа кең тараған отансүйгіш әндерінің тәрбиелік мәні ерекше атауға болады.

Қазақтың рухани өміріндегі әлеуметтік және қоғамдық мәселелерді көтерген айтыс өнерінің ғибраттық маңызы – Бәдік айтыс; Жар-жар айтыс; Жануарлар мен адамның айтысы; Өлі мен тірінің айтысы; Жұмбақ айтысы; Салт айтысы – қыз бен жігіттің айтысы; ақындар айтысынан белгіленді. Айтыс – ақынның талантын шыңдайтын үлкен өнер жарысы біріншіден ақындық өнерге тәрбиелеу жатса, екіншіден қоғамды тәрбиелеуге үлес қосады. Өткен ғасырда Жанак, Сабырбай, Шөже, Сүйінбай сияқты ғажайып айтыс ақындары болған. Бұл үлкен дәстүрді қазір жалғастырып жүрген Әсия, Әселхан, Қонысбай, Баянғали, Әлфия, Абаш, Мұхамеджан сияқты ақындардың сарындары жаһандық дәуірдегі өнердің бір бөлшегі болып тұр.

Қорытынды. Қазақтың бәсекелестікке қабілетті қоғамын қалыптастыруда ұлттық музыканың даму үрдісіелімізде қабылданған мемлекеттік бағдарламалармен үндеседі. Ел басы Н.Назарбаев: «Біз жат идеологиялардың әсері туралы айтқанда, олардың артында басқа халықтардың белгілі бір құндылықтары мен мәдени символдары тұрғанын есте ұстауымыз керек. Тиісінше, оларға өзіміздің ұлттық құндылықтарымыз арқылы ғана төтеп бере аламыз» [1], – деген. Қазақ музыкасының даму тарихының мазмұны бай, сондықтан жас буын ұлттық музыка құндылықтармен қатар, ондағы өнегелік-рухани үлгілерді тану арқылы тәрбиеленеді. Қазақстанның болашағын жасайтын жастардың санасына ұлттық құндылықтардың тәрбиелік қасиеттерін бойына сіңіру арқылы ата-баба мұрасын мәңгі жаңғырта аламыз.

Нәтижесінде келесі тұжырымдарды ұсынамыз:

– Ұлттық мұраға айналған ғұрыптық, тұрмыстық, наным-сенім мен еңбек әндеріндегі өнегелік-рухани құндылықтар арқылы әлеуметтік-қоғамдық, этикалық, эстетикалық ұлттық мұраны өміршен қазынаға айналдырамыз;

– Өнегелік-рухани құндылықтар көрініс тапқан діни мақамдар, терме, толғау, жыр, дастан, бата, өсиет, мұң-қайғы, өкініш, назым және т.б. ән дәстүрі мен аспапты өнердегі тәрбиелік-тәлімдік күйлердегі, кәсіби композитор шығармашылығындағы симфониялық, кантаталық, ораториялық, опералық жанрларкөркемдік-мазмұндық қоғамға әкелген ықпалының нәтижесінде танымы жоғары, бәсекелестікке қабілетті ұрпақ өсіреміз;

– Күрделі сахналық көріністердегі тәрбиелік мәнге ие – қоштасу, ант, өсиет, қарғыс, түс жору, шашу және т.б. қатар, айтыс өнерінің қазақтың рухани өміріндегі ғибраттық маңызын белгілеу арқылы ұлттық құндылықтарымызды бағалайтын, игеріп, жеткізетін және қадірлей білетін қоғамды қалыптасыра аламыз.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. 12 сәуір, № 70(29051). Сәрсенбі, 2017. – 1 б.
- [2] Затаевич А.В. 1000 песен казахского народа. – Оренбург: Кирг. гос. изд-во, 1925. – 403 б.
- [3] Жұбанов А. Ғасырлар пернесі. – Алматы: Жазушы, 1975. – 399 б.
- [4] Ерзакович Б.Г. Песенная культура казахского народа. – Алматы: Ғылым, 1966. – 402 б.
- [5] Аманов Б., Мухамбетова А. Қазақтың дәстүрлі музыкасы және XX ғасыр. – Алматы: Дайк-Пресс, 2002. – 544 б.
- [6] Байтұрсынов А. Шығармалары: Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. (Құраст. Ә.Шәріпов, С.Дәуітов) – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.
- [7] Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 160б.
- [8] Әуезов М.О. Уақыт және әдебиет. – Алматы: ҚМКӨБ, 1962. – 428 б.
- [9] Қасқабасов С. Жаназық. Өр жылы зерттеулер. – Астана: Аударма, 2002. – 584 б.
- [10] Қалижанов У. Ойкөз: Әдеби зерттеулер мен портреттер. – Алматы: Тау-Самал, 2012. – 424 б.
- [11] Адорно Теодор В. Избранное: Социология музыки / Пер. с нем. – 2-е изд. – М.: Российская политическая энциклопедия (РОССПЭН), 2008. – 448 с.
- [12] Barret M. The place of aesthetics in Marxist criticism // Marxism and Interpretation / Ed. by C. Nelson, L. Grossberg. – Urbana. – 111: University of Illinois Press. – 1988. – P. 697-713.
- [13] Bergesen A. The semantic equation: A theory of the social origins of art styles // Sociological Theory 1 / Ed. by R. Collins. – San Francisco: Jossey-Bass, 1984.

- [14] Dowd T.J. The musical structure and social context of number one songs. - 1955 to 1988: an exploratory analysis // *Vocabularies of Public Life: Empirical Essays in Symbolic Structure* / Ed. by R. Wuthnow. – New York: Routledge, 1992.
- [15] Кодай З. Избранные статьи. – М., 1982. – С. 275.
- [16] Система детского музыкального воспитания К. Орфа / Под ред. Л. А. Баренбойма. – Л., 1970. – С. 40-50.
- [17] Асафьев Б. Музыкальная форма как процесс. В 2 кн. // Избр. тр. М., 1957. – 365 с.
- [18] Закс Л. Музыка в контексте духовной культуры // *Критика и музыкознание*. – Л., 1987. – Вып. 3. – С. 46-48.
- [19] Кабалевский Д.Б. Из истории музыкального воспитания. Хрестоматия. – М., 1990. – С. 79.
- [20] Каган М. О месте музыки в современной культуре // *Советская музыка*. – 1985. – № 1. – С. 29; Каган М. Музыка в мире искусств // *Советская музыка*. – 1987. – С. 26-38.
- [21] Медушевский В.В. О закономерностях и средствах художественного воздействия музыки. – М., 1976. – С. 4-5.
- [22] Серебрякова А.Н. Классическая музыка как фактор духовно-нравственного развития студенческой молодежи. Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата социологических наук. – М., 2012. – 23 с.
- [23] Абдуллаев Р. Обряд и музыка в контексте культуры Узбекистана и Центральной Азии. – Ташкент, 2006. – 335 с.

Т. Б. Гафурбеков¹, А. Қ. Омарова², А. Ж. Казтуганова³

¹Государственная консерватория Республики Узбекистан, Ташкент, Узбекистан,

²Казахская Национальная консерватория им. Курмангазы, Алматы, Казакстан

³Институт литературы и искусства им. М. О. Ауэзова, Алматы, Казакстан

МОРАЛЬНО-ЭТИЧЕСКОЕ ВОЗДЕЙСТВИЕ НАЦИОНАЛЬНОЙ МУЗЫКИ В ЭПОХУ ГЛОБАЛИЗАЦИИ

Аннотация. В статье охарактеризован ценностный ранг национальной музыки в эпоху глобализации через образцы традиционной музыки, составляющие основу духовного наследия. Показана и критически оценена их неоднозначная трактовка в советский период, сохраняющая свою возможность воздействовать на мировоззрение подрастающего поколения. Дан обзор обрядовых и бытовых жанров как основы традиционной музыки, показана общность музыкального наследия тюркоязычных народов, в том числе казахского и узбекского.

В контексте воспитательного воздействия представлена и такая важная составляющая национальной музыки, как творчество профессиональных композиторов. В том числе – оперы «Кыз Жибек» Е. Брусиловского, «Абай» А. Жубанова и Л. Хамиди, «Биржан – Сара» М. Тулебаева и другие в ряду с традиционными ценностями, а также «Еңлік – Кебек», «28» Г. Жубановой, «Абылай хан» Е.Рахматиева в контексте их нового и актуального воздействия на общественное самосознание.

В то же время проявляется мера морального влияния на общество в условиях глобализации современных исполнителей и поэтов айтыса. В этой связи подчеркивается особое идейно-воспитательное значение искусства айтыса, которое определяется, в первую очередь, масштабом творческого дарования состоящегося и, во-вторых, его возможностями в плане связей с общественностью и способностями влиять на развитие общества.

Ключевые слова: песня, кюй, композитор, исполнитель, опера, айтыс, обряд, традиция, глобализация, мораль.

Сведения об авторах:

Гафурбеков Т. Б. – доктор искусствоведения, профессор, Государственная консерватория Республики Узбекистан, Ташкент, Узбекистан

Омарова А. Қ. – кандидат искусствоведения, доцент, Казахская Национальная консерватория им. Курмангазы, Алматы, Казакстан, aklima_omarova@mail.ru

Казтуганова А. Ж. – кандидат искусствоведения, Институт литературы и искусства им. М. О. Ауэзова, Алматы, Казакстан, zhasaganbergen@mail.ru